

**Қамысты ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 177 "2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қыркүйектегі № 93 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 қыркүйекте № 7228 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қамысты ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 177 "2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6802 болып тіркелген, 2017 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы":

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2017 жылға арналған Қамысты ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қамысты ауданының әкімі*

*Ғ. Бекмұхамедов*

Әкімдіктің

2017 жылғы 4 желтоқсандағы

№ 93 қаулысына қосымша

**2017 жылға арналған Қамысты ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері**

| № | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы  | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы |  | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге) |
|---|--|--|--|--|--|
|   |  |  | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны   | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге) |  |
| 1 | Қамысты ауданы   | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Адай орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Адаевка ауылы         | 24   | 16119  | үш жасқа дейін -5000<br>үш жастан бастап-5200  |
| 2 | Қамысты ауданы   | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Бестөбе орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Бестөбе ауылы      | 27   | 16119  | үш жасқа дейін -5489<br>үш жастан бастап-6867  |
| 3 | Қамысты ауданы   | "Қамысты ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Бестау негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы жарты күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Аралкөл ауылы | 9  | 9685   |  |
| 4 | Қамысты ауданы   | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Дружба негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Дружба ауылы     | 12   | 16119  | үш жасқа дейін-6783<br>үш жастан бастап-7980   |
|   |  | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Жайылма негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі  |  |  | үш жасқа дейін-4000  |

|    |                |  |    |       |   |
|----|----------------|--|----|-------|---|
| 5  | Қамысты ауданы | жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Жайылма ауылы   | 20 | 16119 | үш жастан бастап-4600                         |
| 6  | Қамысты ауданы | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің № 1 Қамысты орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы жарты күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Қамысты ауылы  | 16 | 9685  |   |
| 7  | Қамысты ауданы | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің № 2 Қамысты орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Қамысты ауылы  | 70 | 16119 | үш жасқа дейін -6000<br>үш жастан бастап-6500 |
| 8  | Қамысты ауданы | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Клочков орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Клочково ауылы     | 18 | 16119 | үш жасқа дейін -6200<br>үш жастан бастап-6405 |
| 9  | Қамысты ауданы | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Красноярь орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Арқа ауылы       | 48 | 16119 | үш жасқа дейін -5000<br>үш жастан бастап-5200 |
| 10 | Қамысты ауданы | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Ливанов орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Ливановка ауылы    | 11 | 16119 | үш жасқа дейін -5158<br>үш жастан бастап-5500 |
| 11 | Қамысты ауданы | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Талдыкөл негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Талдыкөл ауылы | 15 | 16119 | үш жасқа дейін-4640<br>үш жастан бастап-5530  |
| 12 | Қамысты ауданы | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Орқаш негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы жарты күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Орқаш ауылы       | 9  | 9685  |   |

|    |                |  |     |       |   |
|----|----------------|--|-----|-------|---|
| 13 | Қамысты ауданы | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Фрунзе негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Фрунзе ауылы | 16  | 16119 | үш жастан бастап-5200                         |
| 14 | Қамысты ауданы | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "Айналайын" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Қамысты ауылы                                | 140 | 28000 | үш жасқа дейін -5500<br>үш жастан бастап-6300 |
| 15 | Қамысты ауданы | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "Ақбота" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Қарабатыр ауылы                                 | 40  | 28833 | үш жасқа дейін -5060<br>үш жастан бастап-6270 |
| 16 | Қамысты ауданы | "Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "Қарлығаш" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Алтынсарин ауылы                              | 113 | 32030 | үш жасқа дейін-6500<br>үш жастан бастап-7000  |